

**«ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітемін
Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі
басқарушы директор
_____ А. Даутбаев
« _____ » _____ 2026 жыл



**Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы
орталығы туралы
ЕРЕЖЕ**

Астана 2026 жыл

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Цифрлық Кодексіне сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығы (бұдан әрі – ҚР МО КО) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыруды, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асырады.

2. Куәландырушы орталықтың негізгі міндеттері, функциялары

Куәландырушы орталықтың негізгі міндеті электрондық цифрлық қолтаңба технологияларын пайдалана отырып, мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары арасында заңдық маңызы бар электрондық құжат айналымын құру болып табылады.

Куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден қорғау үшін шаралар қабылдай отырып, ЭҚА қатысушыларының өтініші бойынша электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін жасау;
- 2) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті сертификаттарын (бұдан әрі – сертификат) беру, тіркеу, кері қайтарып алу, сақтау, тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүргізу;
- 3) сертификаттарды қолдану Саясатын бекіту;
- 4) қолданыстағы және кері қайтарып алынған сертификаттарды есепке алуды жүзеге асыру;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің сертификаттарын беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растау қағидаларында белгіленген тәртіппен сертификаттарды беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілігін және жарамдылығын растау;
- 6) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттерін және (немесе) жабық кілттерін сақтаудағы жоғалтуды, өзгертуді, компаға келуді, заңсыз пайдалануды және қолдан жасауды болғызбау үшін барлық қажетті шараларды қабылдау;

7) пайдаланушылардың электрондық цифрлық қолтаңбасының сертификаттарын, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығына кері қайтарып алу туралы ақпаратты ұсынады;

8) электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы берген, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтімен қол қойылған, электрондық цифрлық қолтаңба сертификаттарын иегерінен түскен сұрау салу бойынша кері қайтарып алуды жүзеге асырады.

3. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтата тұру және тоқтату

ҚР МО КО қызметі тоқтатылған жағдайда, өз қызметі тоқтатылғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын бұл туралы сертификат иелерін және уәкілетті органды хабардар етеді.

ҚР МО КО қызметі тоқтатылған кезде оларға берілген сертификаттары және ЭЦҚ-ның тиісті кілттері, сертификат иелері туралы мәліметтер сертификат иесімен келісім бойынша басқа куәландырушы орталықтарға беріледі.

Күнтізбелік отыз күн өткеннен кейін басқа куәландырушы орталықтарға берілмеген сертификаттар мен ЭЦҚ-ның тиісті кілттері қолданысын тоқтатады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақталуға тиіс.

«ҰАТ» АҚ КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№	Аты-жөні	Қызметі	Қолы	Күні
1	Мұстафаев А.И	Project Manager		
2	Қалдыбеков А.С	кач. упр		
3	Хайруллин А.М.	зав. деп. ЦОК		
4				
5				